

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Мәңгілік ел - асқақтай бер Астана

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.12.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/48718/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Ақпанбетова Роза Зейнулакимқызы****Тобы:** «Құлыншақ»**Білім беру саласы:** «Коммуникация»**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы:** « Мәңгілік ел- асқақтай бер Астана»

**Мақсаты:** Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту, ол үшін тәуелсіз Республиканың рәміздерін еске түсіру, оларға құрмет көрсету туралы үйрету. Соған қоса балалардың ойлау қабілетін өсіру, тақпақтарға қызығушылығын, сөздік қорын, тіл байлықтарын байытуға мән беру .

**Көрнекі құралдары:** Ту, Елтаңба, Астана қаласының көрікті ғимараттардың суреттері.

**Әдіс- тәсілі:** Әңгімелеу , сұрақ- жауап.**Пәнаралық байланыс:** Сурет салу, музыка, көркем әдебиет.**Билингваль компонент:** Ту- флаг, Елтаңба- Герб, Астана- Сталица, Әнұран- Гимнь.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
------------------	---------------------	-----------------

<p><b>Мотивациялық қозғаушылық</b></p>	<p>Әуенмен топқа кіреді. Балалар көңіл күйлерің қалай? Сендерді шаттық шеңберіңе шақырамын Қайырлы таң, ұстазым! Қайырлы таң, достарым, Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық!</p> <p>Доброе утро, учитель! Доброе утро, друзья! Посмотрите друг на друга Пожелайте добра!</p> <p>Good morning , good morning Good morning to you Good morning, good morning We are glad to see you!</p>	<p>әуенмен топқа кіреді. Жақсы</p> <p>Шаттық шеңберіне тұрады</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге тақпақты қайталайды.</p>
<p><b>Ұйымдастыру-ізвестіру</b></p>	<p>— Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады? — Дурыс айтасындар. Біздің Республикамыз Қазақстан деп аталады. Балалар бүгін біздің оқу қызметіміздің тақырыбы: «Маңгілік ел- асқақтай бер Астана» деп аталады. Олай болса біз оқу қызметімізді Еліміздің мағыналы әнұран гимнімен бастайық. Қолдарымызды жүрек тұсына қойып айтайық. — Біздің Қазақстан Республикамыз қандай ел? — Біздің Елбасымыз кім? — Біздің елордамыз қай қала? Біздің Астанамыз әсем қала, жас қала, әрі бас қала. Онда көптеген ғимараттар орналасқан. Астананың ортасында Бәйтерек орналасқан өте биік әрі сұлу ғимарат. Астананың ортасында Есіл өзені ағып жатыр. Астанамыз жылдан- жылға көркейіп, әсемденіп келеді. Астана қаласы туралы, Отанымыз туралы кім тақпақ айтып береді. Балалар Республикамыздың қандай рәміздерін білесіңдер, еске түсірейік. Елтаңба, Ту, Гимні туралы мағлұмат береді. Балалар, біздің ашық аспандай көгілдір туымыз бар. Айбынды Елтаңбамыз бар. Мағыналы Әнұранымыз бар. Балалар, көрдіңдер ме біздің қандай тамаша рәміздеріміз бар.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу:</b> Кө-кө-кө- көгілдір Үн-үн-үн- күн, Нек-нек-нек- өрнек. Ел-ел-ел- Елтаңба, Ән-ән-ән- Әнұран.</p> <p><b>Аудармашы ойыны:</b> Ту- флаг Елтаңба- герб Астана- столица Әнұран- гимні.</p> <p><b>Сергіту жаттығуы:</b> Міне, мынау- оң қол, Міне, мынау -сол қол Шапалақты соғайық Топылдатып билейік. Міне, мынау – оң аяқ Міне, мынау- сол аяқ Топ-топ-топ-топ басайық Жаттығуды жасайық.</p> <p>Хлоп-хлоп хлопаю Топ-топ топаю Это левая рука Это правая рука Хлоп-хлоп хлопаю Топ-топ топаю Это левая нога Это правая нога.</p> <p>Here is my left hand And here is my right hand I can clap ,clap them With all my might Here is my left leg And here is my right I can stamp, stamp them With all my might</p> <p>Балалар, мен сендерді орталыққа шақырамын.</p>	<p>Қазақстан Республикасы</p> <p>Хормен гимнді айтады.</p> <p>Егеменді тәуелсіз</p> <p>Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Астана Тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Отан менің ата- анам, Отан досың бауырың Отан өлкен Астанаң Отан аудан, ауылың Отан деген туған жер Отан- ана, Отан- үлкен Қазақстан туған ел.</p> <p>Отан бізде біреу- ақ Ол біздің Қазақстан!</p> <p>Ту, елтаңба, гимні.</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге қимыл- қозғалыспен жасайды.</p>
<p><b>Рефлексивті-түзетушілік</b></p>	<p>1- топ: «Құм мен су» орталығы (жармамен тудың бейнесін салу) 2- топ Шығармашылық орталық (суретті біркелкі етіп бояп шығу) 3- топ «Әдеби» орталық (суретке қарап әңгіме құрастыру)</p> <p>— Балалар бүгін біз қандай жұмыс жасадық? — Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады? — Қазақстанның елордасы қай қала? — Қазақстан Республикасының рәміздерін атаңдар? Өз еліңді, жеріңді қорғап, халқына адал еңбек ету керек. Еліміздің көркеюіне үшін , біз әрқашан еліміздің әсем табиғатын, жемістермен байлығын дурыс пайдаланып, қорғап, аялауымыз керек. Әсем крікті Республика етіп, еліміздің рәміздерін қадірлеп, бағалап, биікке көтеріп жүруіміз керек.Қазақстан Республикасын таныта аламыз.Сендер біздің Республикамыздың болашағысындар, сендер үлкен азамат, азаматша болып дамуына үлес қосасындар. Балаларды мақтап, мадақтаймыз. Осымен оқу іс- қызметі аяқталды. Сау болыңдар, балалар!</p>	<p>Балалар 3- топқа бөлініп отырады.</p> <p>Берілген тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек?:** Қазақстан Республикасының рәміздері Ту, Елтаңба, Гимні.

**Нені игереді:** Біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы екенін

**Нені біледі:** Сөз қорын молайту, тіл ұстарту, сурет салу, әңгіме желісін байланыстырып айта білуді, сұрақтарға жауап береді және тапсырманы орындайды.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.